

Казталов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, шекті толтырылу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарын, пикетеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 52-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 6382 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес Казталов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Казталов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және оларды шекті толтырылу нормалары айқындалсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Казталов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі айқындалсын.
3. Осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес Казталов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары айқындалсын.
4. Осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Казталов ауданында пикетеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.
5. Казталов аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Н.Кажгалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

K. Алтаев

Мәслихат хатшысы

C. Мулдашев

Казталов аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
18 қыркүйектегі №52-2  
шешіміне 1-қосымша

Казталов ауданында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толтырылу нормалары

№	Елді мекен	Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толтырылу нормалары
1	Казталов ауылдық округі, Казталов ауылы	Ш.Шарафутдинов орталық көшесінің басында орналасқан аудандық әкімшілік ғимаратынан бастап шекара заставасына дейін	500 адамнан аспайтын
		Ш.Шарафутдинов көшесінде орналасқан "Достық" орталық саябағынан бастап аудандық әкімшілік ғимаратына дейін	500 адамнан аспайтын
2	Жалпактал ауылдық округі, Жалпақтал ауылы	С.Датұлы көшесінде орналасқан орталық саябақтан Фурманов көшесінің қызылсызына дейін	500 адамнан аспайтын
		А.Құсайынов көшесіндегі Мәдениет үйінің жанында орналасқан шағын арбаттан "Пошта" байланыс торабы ғимаратына дейін	500 адамнан аспайтын
3	Жаңажол ауылдық округі, Жаңажол ауылы	С.Датұлы көшесіндегі орталық саябақ пен С.Датұлы көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
4	Қараөзен ауылдық округі, Қараөзен ауылы	Қараөзен көшесіндегі орталық саябақ, Қараөзен көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
5	Қайынды ауылдық округі, Қайынды ауылы	С.Жұмашева көшесіндегі Мәдениет үйінің жаны, С.Жұмашева көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
6	Бірік ауылдық округі, Әжібай ауылы	Мәдениет көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
7	Ақпәтер ауылдық округі, Ақпәтер ауылы	Ақпәтер көшесіндегі орталық саябақ алаңы	200 адамнан аспайтын
8	Талдықапан ауылдық округі, Талдықапан ауылы	Бейбітшілік көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
9	Кектерек ауылдық округі, Кектерек ауылы	С.Ақбаев көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
10	Болашақ ауылдық округі, Болашақ ауылы	Болашақ көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
11	Бостандық ауылдық округі, Бостандық ауылы	Тәуелсіздікке 10 жыл көшесіндегі Мәдениет үйі алаңы, Тәуелсіздікке 10 жыл көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
12	Караоба ауылдық округі, Караоба ауылы	Бейбітшілік көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
13	Қошанкөл ауылдық округі, Қошанкөл ауылы	Асанғалиев көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
14	Талдықұдық ауылдық округі, Талдықұдық ауылы	С.Есетов көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
15	Теренкөл ауылдық округі, Нұрсай ауылы	Желтоқсан көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын
16	Карасу ауылдық округі, Карасу ауылы	Бейбітшілік көшесінің бойы	200 адамнан аспайтын

Казталов аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы

## **Казталов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге арналған арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

1. Бейбіт жиналыстар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда өткізіледі. Пикеттеуді қоспағанда, өзге орындарда бейбіт жиналыстар өткізуге тыйым салынады.

2. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір журу маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруышыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

3. Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

4. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Пикеттеу ұзақтығы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне екі сағаттан аспауға тиіс.

5. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 17 және 18-баптарында көзделген жағдайларда, жергілікті атқарушы орган өкілінің, құбық қорғау органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша, бейбіт жиналыстарға қатысуышыларға осындай талапты орындау қажеттігі туралы ақпарат бере отырып, бейбіт жиналыстарды тоқтата түруға немесе тоқтатуға міндетті.

Казталов аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
18 қыркүйектегі №52-2  
шешіміне 3-қосымша

## **Казталов ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастыруышылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастыруышылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысуышылар өз қаражаты

есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мұлік есебінен, егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруды және өткізуді:

жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген жеке тұлғалардың және (немесе) занды тұлғалардың;

қызметі Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тоқтатыла тұрған немесе оған тыйым салынған занды тұлғаның;

шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік занды тұлғалардың қаржыландыруына тыйым салынады.

3. Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыштар жағдайда орнатуға тыйым салынады.

Касталов аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
18 қыркүйектегі №52-2  
шешіміне 4-қосымша

## **Касталов ауданында пикеттеуді өткізуға тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

1. Касталов ауданында келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 100 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекарасы айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілері және оларға іргелес жатқан аумақтар;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтар;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтар;
- 5) магистральдық теміржол желілері, магистральдық құбыржолдар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері және оларға іргелес жатқан аумақтар.